

«АЭЖБУ» КеАҚ Ғылыми кеңесінің отырысы

Төрайым – ректор С. Сагинтаева
Ғылыми хатшы – доцент А. Бегимбетова

ҚАТЫСҚАНДАР: Ғылыми кеңестің 33 мүшесінен 30-ы (келу парағы қоса беріледі) қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.	26.08.2019ж. АЭЖБУ КеАҚ акционерлер жалпы жиналысының университетті қайта атау бойынша шешімі туралы .
2.	2018/2019 оқу жылындағы АЭЖБУ қызметінің қорытындылары және 2019/2020 оқу жылындағы университет ұжымының міндеттері Баяндамашы – ректор С.С. Сагинтаева
3.	2019/2020 оқу жылына ОПҚ штатын бекіту Баяндамашы – АМД директоры Р.Р. Мухамеджанова
4.	2018/2019 оқу жылының жазғы емтихан сессиясы мен жазғы қосымша семестрдің қорытындысы және оқу жұмысын жетілдіру шаралары туралы Баяндамашы –ТО бастығы В.В. Неледва
5.	Түрлі мәселелер

1. ТЫҢДАЛДЫ: «Университет атауын өзгерту бойынша 26.08.2019ж. АЭЖБУ КеАҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі туралы» мәселе бойынша ректор С.С.Сагинтаева.

Күн тәртібі мәселесі бойынша ректор С.С.Сагинтаева сөз сөйледі, ол университеттің бірінші ректоры Ғ.Ж. Дәукеев кезіндегі университеттің жеткен жетістіктері туралы айтып, 26.08.2019 ж. АЭЖБУ КеАҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын «Ғұмарбек Дәукеев атындағы

Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып өзгертілендігі туралы хабарлады.

Э.А.Сериков: құрметті әріптестер, университетімізге Ғ.Ж.Дәукеевтің аты берілгендігі біз үшін үлкен құрмет. Енді, бастысы біз жұмыс жасау көрсеткішімізді төмендетпей, алға қарай ұмтылуымыз қажет.

Қазір оқытушы-профессорлар құрамы ауысып жатыр. Оқытушылар болып жұмыс жасайтын магистранттар мен докторанттардың сериясы пайда болды, бірақ өзара сабақтастық бұзылуда.

Біз, жоғары буын жас оқытушыларға назар аударуымыз керек. Зейнеткерлер мен өтілі бар ОПҚ мол тәжірибеге ие, сол себепті біз жас оқытушыларға жетекші бола аламыз.

Неге бізді жас ОПҚ-ға бекітіп, біздің оқыту әдістемемізге үйретіп, білімімізбен бөліспеске. Бұл үшін көп қаржылық шығындардың да қажеті жоқ, шамамен 50 сағаттық жүктеме. Онда жыл ішінде біз жас оқытушылармен барлық мәліметтер бойынша жұмыс жасай аламыз. Бұл істің пайдасы өте зор, себебі жастарды көтермелеу және тәрбилеу керек. Студенттер қалаған бағаларын алу үшін оқытушыны көндіру мүмкіндігі бар деп ойламаулары керек, педагогикалық адалдық әрдайым сақталған дұрыс.

С.С.Сагинтаева: жақсы ұсыныс, біз бұл мәліметті негізге алып, жүктемелерді бөлген кезде ескеретін боламыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Университет атауын «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» атауына өзгерту бойынша 26.08.2019ж. АЭЖБУ КеАҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі қолдау тапсын.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: 2018/2019 оқу жылына АЭЖБУ қызметтерінің жұмыс нәтижелері және 2019/2020 оқу жылына университет ұжымының міндеттері» мәселесі бойынша (көрсетілім қоса берілді) АЭЖБУ КеАҚ ректоры С.С.Сагинтаева.

АЭЖБУ КеАҚ ректоры С.С.Сагинтаеваның есептік баяндамасын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес Алматы энергетика және байланыс университетінің Республиканың жетекші ЖОО қатарында орнықты орын алатынын атап өтті, университет жұмысы - техникалық бағыт бойынша Отандық білім беру нарығында мамандар даярлау сапасын және бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, көшбасшылық ұстанымын нығайту мақсатына жетуге бағытталған.

Университет Академиялық еркіндікке байланысты өзінің Академиялық саясатын әзірледі, оның негізінде АЭЖБУ білім қызметі жүзеге асырылады.

2019 жылдың 1 тамызында ҚР БҒМ 2019 жылғы 3 маусымдағы №252 бұйрығы негізінде Сыныптауыштағы өзгертулерге байланысты бакалавриаттың 23 білім бағдарламасы, магистратураның 14 білім бағдарламасы және

докторантураның 6 білім бағдарламасы бойынша білім қызметі лицензиясына Қосымша қайта ресімделді.

ҚР «Білім туралы» заңының 21, 22-т. сәйкес Қазақстанда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Білім бағдарламалар тізілімі жасалды, ол Болон процессі және академиялық ұтқырлық орталығы порталында орналастырылады. АЭЖБУ оқытушы-профессорлар құрамы ЖБББЖ ББ тізіліміне құжаттарды даярлау және тапсыру бойынша үлкен жұмыс атқарды. Кафедралар тізілімге ББ енгізу бойынша белсенді жұмыс жасады. 2019 жылдың 12 қыруйегінде АЭЖБУ 53 өтінім (ББ паспорты) тапсырды, 11 ББ сараптауда; 3 ББ өңдеуде (МВА бағдарламасы бойынша), 39 ББ – білім бағдарламасы тізіліміне енгізілген.

АЭЖБУ КеАҚ 2018-2019оқу жылындағы негізгі жұмыстар:

- 2019 жылдың 26 тамызында жалпы акционерлер жиналысында «Алматы энергетика және байланыс универсиеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына Ғұмарбек Дәукеев атын беру туралы шешім қабылданды;

- 2019 жылдың наурызында университет 5 жыл мерзімге Акредиттеу және рейтингілеу тәуелсіз агенттігінде 23 білім бағдарламасы бойынша институтционалдық және мамандандырылған акредиттеуден өтті;

- 2019 жылдың ақпанында АЭЖБУ мен «Леново Қазақстан» ЖШС арасында өзара тиімді ыңтымақтастық туралы келісімге қол қойылды;

- 2019 жылдың қазанында тұңғыш ректор Ғұмарбек Дәукеевті еске алуға арналған X - Халықаралық ғылыми-техникалық конференция өткізілді;

- 2018 жылдың қарашасында ҚР вице-премьер А.К. Жумағалиев АЭЖБУ-ге келді;

2018 жылдың қарашасында АЭЖБУ мен «Касперский зертханасы» компаниясының өкілдігі арасындағы ыңтымақтастық және «Kaspersky Lab» зертханасын ашу туралы меморандумға қол қойылды;

- 2018 жылдың желтоқсанында «Торнадо модульдік жүйесі» зертханасы құрылды;

- 2019 жылдың мамырында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министірлігі қамқорлығымен Ұлттық қорғаныс университетімен жұмыс бойынша ЖООаралық ғылыми зерттеу орталығы құрылды;

- 2019 жылдың тамызында «Dr.Web» зертханасы ашылды;

2019 жылы білім сапасын қамтамасыз ету бойынша Тәуелсіз Қазақстан агенттігінің мәліметімен Техникалық ЖОО ұлттық рейтингінде АЭЖБУ үздік техникалық ЖОО рейтингісіне кірді және 5-орынды иеленді. Акредиттеу және рейтингілеу тәуелсіз агенттігінің мәліметтері бойынша біздің университет ҮЗДІК-20 топтамасына енді және оның позициясы 10-нан 7-орынға көтерілді. Төменде АЭЖБУ-дың көшбасшы орынға ие білім бағдарламалары көрсетілген:

1) Бакалавриат:

5B071600 Аспап жасау – 1 орын

5B071800 Электр энергетикасы – 1 орын

5B071900 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар – 1 орын

5B071200 Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету – 1 орын

5B070200 Автоматтандыру және басқару – 1 орын

2) Магистратура: 6M071700 Жылу энергетикасы- 1 орын

6M071800 Электр энергетикасы – 1 орын

6M071900 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар -1

орын

6M070200 Автоматтандыру және басқару- 1 орын

6M071600 Аспап жасау

6M070200 Автоматтандыру және басқару – 1 орын

6M070400 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету –

1 орын

3) Докторантура:

6D071700 Жылу энергетикасы – 1 орын.

Университет халықаралық рейтингілерге қатысты. 2018 жылы Алматы энергетика және байланыс университеті алғаш рет университеттердің халықаралық рейтингісі «UI Green Metric World University Ranking» қатарына қосылып, 2019 ж. бүкіл әлем университеттері ішінде бірден 480 позицияны және Қазақстан университеттері ішінде 4-орынға ие болды.

АЭЖБУ 2019 ж. жарияланған U-Multirank (әлемнің жетекші университеттері мәліметтер базасының лездік рейтингісі) халықаралық рейтингісіне сәйкес 2019 ж. Қазақстан университеттерінің үздік үштігіне кірді.

2019 жылдың жалпы қабылдауы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 1800 адам жоспары негізінде 2224 адамды құрады, ал ол былтырғы жылға қарағанда 32% (1681 адам) жоғары көрсеткіш. Соның ішінде бакалавриатқа қабылдау өткен жылға қарағанда 36% жоғары және 2013 адамды (алдыңғы жылы -1484, соның ішінде ҚОТ - 93) құрады.

Мемлекеттік грант бойынша 1670 адам, ақылы оқуға – 348 адам түсті, олардың 148 - ҚОТ қолдану арқылы күндізгі оқу түрі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу нәтижелері негізінде Алматы қаласы әкімдігінің жергілікті бюджеті есебінен ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша бакалавриатта білім алуға 6 грант бөлінді.

Магистратураға қабылдау 193 адамды (соның ішінде грантқа – 189 адам) құрады, былтырғы жылмен салыстырғанда (174) 11% өсті.

Осы жылы магистратураға қабылдау жан басын қаржыландыру принципі бойынша жүзеге асырылды, яғни грант ЖОО-ға емес оқу орнын таңдаған үміткерлерге бөлінді.

Докторантураға 34 орын бөлініп, оның тек 18-і қолданылды. Қолданылмаудың негізгі себебі докторантураға түсушілер үшін IELTS немесе TOEFL сертификатының болмауы. Осы бағытта докторантура үміткерлерлері нақты шара қолдануы қажет.

Университеттің өткен жылмен салыстырғандағы жалпы контингенті 4374 адамнан 5760 адамға өсті, олардың ішінде:

- бакалавриат контингенті 5313 адамды құрады;
- магистратура контингенті 376 адамды құрады;
- докторантура контингенті 71 адамды құрады.

2019 ж. АЭЖБУ колледжі мамандықтарына түсушілер саны 184 адамды құрады.

Ағымдағы 2019-2020 оқу жылында жалпы штатты сан 885 адамды, ОПК жалпы саны – 526 адам, штатты ОПК саны – 442 адам, соның ішінде ғылыми дәрежесімен – 248 адамды құрайды, штатты ОПК дәрежелілігі - 56% құрайды:

- ғылым докторлары – 38 адам
- ғылым кандидаттары – 173 адам
- PhD докторлары - 38 адам
- ғылым магистрлары– 142 адам
- профессорлар– 23 адам
- доценттер – 76 адам.

Осы оқу жылында оқу үдерісіне 16% дейінгі практиктер жұмылдырылды. 2018-2019 оқу жылында оқу үдерісіне 87 шетел оқытушылары шақыртылды, ол 2017-2018 оқу жылына қарағанда 2 есеге артты (43 адам), ал ол 2016-2017 оқу жылында – 22 адамды құраған. 2018-2019 оқу жылында 64 оқытушы ағылшын тілінде сабақ өткізді, ол 2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда 10% төмен көрсеткіш көрсетіп отыр (71 адам), 2019-2020 оқу жылында – 87 оқытушы ағылшын тілінде сабақ өткізуге жоспарлануда.

«ЖОО үздік оқытушысы - 2018» Республикалық байқауында біздің төрт оқытушымыз осы номинацияға ұсынылып, ҚР БҒМ «ЖОО үздік оқытушысы - 2018» куәлігін алды. Өткен жылы 8 оқытушы құрмет грамоталарымен марапатталды, марапат және құрмет атақтарымен - 10 оқытушы белгіленді, оның ішінде 2 - "Білім беру саласының үздігі" медалімен, 2 - «Еңбек сіңірген энергетик», 2 – «Құрметті энергетик» 1 - “Үздік байланысшы”, Мадақтама 2018 жылғы 5-6 қаңтардағы білім беру пәндері бойынша өткен Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде жоғары дәрежеде төрелік еткен қазылар алқасының мүшесі – 1, сондай-ақ университеттің 6 қызметкері алғыс хаттармен марапатталды. 2018-2019 оқу жылында «Техника, ғылым және технологиялар» бөлімі бойынша Республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысы негізінде 12 оқытушы Министрліктің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

2018-2019 оқу жылында келесі конференциялар өткізілді:

- 2018 жылдың қазанында АЭЖБУ-де Ғ.Ж.Дәукеевті еске алуға арналған мерейтойлық халықаралық конференция. Қатысушылар арасында энергетикалық, теллекоммуникациялық компаниялардың, бизнес-қоғамдастығының, инженерлік, құрылыс фирмаларының, технологиялық жабдықтарды өндіру компанияларының, ЖОО, Қазақстан ғылыми ұйымдарының өкілдері, Польша, Латвия, Ресей, ОА елдерінің ғалымдары мен оқытушылары болды;

- 2019 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасындағы Жастар жылына арналған «Әлем жастар көзімен: бағыты, жетістігі және проблемалары» республикалық ғылыми-практикалық конференция;

- 11.03.2019 ж.–15.03.2019 ж. Студенттік ғылыми конференция тақырыбы: «Ұлттық мәдени код – Қазақстанның рухани құндылығы негізі».

Өткен жылы оқытушылар мен студенттер төмендегі конкурстар мен олимпиадаларға қатысты:

- 01.11.2018 ж. «Ұлттық инновация орталығы» АҚ бірге инновациялық идеялар конкурсы;
 - Малайзиядағы Shell eco Marathon Asia-2019 халықаралық білім жобасы;
 - 23.11.2018 ж. Жастар арасында робототехника бойынша Қазақстан чемпионаты;
 - 17.10.2018 ж. Инновациялық идеялар конкурсы;
 - 2019 ж. 18-19 сәуірінде «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамыз ету» мамандығы бойынша XI Республикалық студенттік олимпиада;
 - 2018 жылғы қарашада Мәскеу Байланыс және информатика техникалық университетінде өткізілген Nokia – 2019 Халықаралық студенттік олимпиада, 1- орын;
 - 11.04.2019 ж. «Жылу энергетикасы бағыты бойынша АЭЖБУ-де Республикалық пәндік олимпиада;
 - 27.11.2018 ж. С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетінде «DemoDay» стартап конкурсы;
 - 06.12.2018 ж. «Физика»пәні бойынша «Самрук-Энерго» Республикалық олимпиадасының университеттік турнирі;
- Өткен жылы және қазіргі уақытта АЭЖБУ білім жобаларына қатысуда :
- ППВО жобасы бойынша Эразмус+ бағдарламасының 2 гранттық жобасы:
 - а) APPLE - «Ғарыштық кеңістік және зияткерлік роботтандыру жүйесі бойынша қолданбалы оқу бағдарламасы»;
 - б) KUTEL - «Жаңа технологияларды қолданумен оқу сапасын қамтамасыз ету процессін жетілдіретін Қазақстан университеттері»;
 - Эразмус+ -ACeSYRI «Информатика саласында докторанттар мен жас зерттеушілер үшін бас орталық»;
 - Жасыл технологиялар және энергияның жаңғыртылатын көздері саласындағы USAID.

Жоғарыда аталғандар негізінде Ғылыми кеңес қаулы етті:

1) 2018-2019 оқу жылының университет ұжымының жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын;

2) Білім сапасын арттыру мақсатында:

- IT-инжиниринг, АҚЖ кафедралары өз ББ рейтингісін арттыру бойынша жұмыстарды күшейтсін және бағдарламаларға талдау жүргізсін;
- IT мамандықтары үшін арнайы пәндерді ағылшын тілінде жүргізсін;
- 2020 жылға дейін IT мамандықтары үшін барлық арнайы пәндерді ағылшын тілінде жүргізуге өту жоспары әзірленсін.

Жауапты:
БЖАТИ директоры,
Мерзімі: 2019 ж. 1 қарашасы.

- АҚ проректоры оқу жылы басында екі ай ішінде дәріс, практикалық сабақтар, зертханалық сабақтар, СОӨЖ түрлері бойынша сабақтарды жүргізу мониторингін өткізсін;

- Сабақ сапасыз жүргізілсе және оқу материалдарының сапасы төмен болса, оқытушылармен келісімшартты бұзуға дейінгі шаралар қолданылсын;
- ҚР ЖОО арасында университетке білім қызметтері нарығында бәсекелесуге мүмкіндік беретін білім бағдарламалары спектрі кеңейтілсін;
- Оқу процессіне іскер практиктер көбірек жұмылдырылсын;
- қамқоршылар кеңесімен бірге рейтинг өткізу барысында сарапшылармен, жұмыс берушілермен және серіктестермен жұмыс күшейтілсін;
- АЭЖБУ бітірушілерінің сұранысын арттыру үшін оқу жоспарының мазмұнын жаңарту, еңбек нарығы сұранысын ескере отырып, олардың қайталама пәндерден басқа практика бағытын арттыратын пәндер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілсін.

**Жауапты: АҚ проректоры ,
Мерзімі: 2019 жылдың 1 қаңтары.**

3) Оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми және инновациялық белсенділігін арттыру мақсатында:

- Гранттық және бағдарламалық – мақсатты қаржыландыру конкурсына қатыссын.

**Жауаптылар: ҒИҚ проректоры,
Ғылым және коммерцияландыру департаменті,
Институт директорлары.
Мерзімі: 2019 жылдың 31 желтоқсаны.**

- Жұмыс берушілерді және бизнес-қауымдастық өкілдерін жұмылдыра отырып, Білім алушыларды ғылыми және инновациялық конкурстарға, жобалар мен басқа да шараларға қатыстыру бойынша жұмыстар жүргізілсін;
- Университеттің білім қызметі әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында шетел серіктестерімен ыңтымақтастық туралы келісім жасау және жүзеге асыру, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілсін;

**Жауаптылар: ҒИҚ проректоры,
Ғылым және коммерцияландыру департаменті,
Институт директорлары.
Мерзімі: 2019 жылдың 31 мамыры.**

- кәсіпорындар мен ұйымдар тапсырысы бойынша нақты міндеттерді орындауға бағытталған диплом жұмыстарының тақырыптары өңделсін.

**Жауаптылар: институт директорлары,
Кафедра меңгерушілері.
Мерзімі: 2019 жылдың 31 қыркүйегі.**

- Шетел ғалымдарымен «АЭЖБУ хабаршысы» журналын дәйектеу және оны Scopus базасына енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылсын;

- «АЭЖБУ хабаршысы» журналының рейтингісін арттыру мақсатында оқытушылар, докторанттар, магистрлер міндетті түрде зерттеу нәтижелерін осы ғылыми басылымға жарияласын;

- ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда және жетекші Халықаралық журналдарда (Thompson Reuters, Elsevier деректер базасы негізінде) жариялау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

**Жауаптылар: ҒИҚ проректоры,
институт директорлары,
Кафедра меңгерушілері.
Мерзімі: 2019 жылдың 31 мамыры.**

- АЭЖБУ сайты мақалаларды қашықтықтан тіркеу үшін өңделсін.

**Жауаптылар:
Маркетинг департаменті директоры,
АТД директоры.
Мерзімі: 2019 жылдың 1 қаңтары.**

4) Білім алушылар контингентін қалыптастыру және нығайту мақсатында:

- Университеттің мамандықтар бойынша жұмысқа орналастырылған бітірушілерін растайтын ақпараттар алу үшін МЗТО- мен жұмыстар жүргізілсін;

- 2020-2021 оқу жылына білім алушыларды қабылдау жоспары бекітілсін;

- білім алушылар контингентін құру бойынша маркетингтік шаралар бекітілсін.

**Жауаптылар: Маркетинг департаменті
Директоры.
Мерзімі: 2019 жылдың 1 мамыры.**

- шетел студенттерін қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілсін.

**Жауаптылар: Маркетинг департаментінің
директоры, ХЫАҰД директоры .
Мерзімі: 2019 жылдың 1 мамыры.**

– университет сайтын ағылшын тілінде толтыру жұмыстары күшейтілсін.

**Жауаптылар: Маркетинг департаментінің
директоры,
АТД директоры.
Мерзімі: 2019 жылдың 1 қаңтары.**

- шетел азаматтары үшін орыс және қазақ тілдері курсы, шет тілдер курсы (қытай, корей) құрылсын, серіктестік байланысын қолдана отырып, телекоммуникациялар бойынша курстар және білім алушылар саны арттырылсын.

Жауаптылар:

**БАИ директоры,
AUES Business School директоры
Мерзімі: 2019 жылдың 1 мамыры.**

5) материалды-техникалық базаны нығайту мақсатында:

- халықаралық стандарттарға сәйкес білім алушыларға қолайлы жағдай жасалсын;
- Д ғимаратының акт залындағы проекциялау жабдығы ауыстырылсын;
- 2020 жылға компьютерлер және оргтехникалар, сондай-ақ бағдарламалық қамтулар сатып алудың қаржыландыру көлемі көрсетілген жоспары әзірленсін және бекітуге ұсынылсын.

**Жауаптылар: АТД директоры,
Бөлімше басшылары
Мерзімі: 2019 жылдың 30 желтоқсаны.**

6) Болашақ мамандарды жан-жақты және үйлесімді дамыту, сондай-ақ жастарды әлеуметтік қолдау мақсатында:

- білім алушылардың бойына ұжымдық мәдениет қалыптастыру және шығармашылық бірлестіктерге қызығушылығын ояту үшін университет шараларына: көрмелерге, жобаларға, байқауларға, чемпионаттарға және т.б. қатысуына жағдай жасалсын;
- ОПК, оқу топтарының эдвайзер-тәлімгерлері, студенттік белсенділер және білім алушылар үшін діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша кездесулер, семинарлар мен тренингтер өткізілсін;
- оқу жылы ішінде салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған спорттық-сауықтыру шаралары ұйымдастырылсын;
- ОПК және білім алушыларға коррупцияға қарсылық таныту бойынша жұмыстар жүргізілсін;
- жағымсыз әлеуметтік оқиғаларға жол бермеу және қарс шығу принциптерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілсін;
- Діни экстремизмнің алдын алу бойынша шаралар жиі ұйымдастырылсын;
- Білім алушылар бойына «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеялар рухын, патриоттығын және өз университетін мақтан ететін сезімін қалыптастыруға жұмыстар жүргізілсін.

**Жауаптылар: Тәрбие жұмысы проректоры,
Әлеуметтік жұмыс және тәрбие
жұмысы департаментінің директоры**

Мерзімі: 2019 жылдың 31 мамыры.

7) 2020 жылында оқу ғимараттары мен студенттер жатақханасына күрделі құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізудің қаржыландыру көлемі көрсетілген жоспары әзірленсін және бекітуге ұсынылсын.

**Жауаптылар: ПШҚ бастығы,
Студенттер жатақханаларының меңгерушілері,
Оқу ғимараттарының коменданттары.
Мерзімі: 2020 жыл 30 қаңтар.**

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: АМД директоры Р.Р. Мухамеджанованы «2019/2020 оқу жылына ОПҚ штатын бекіту» мәселесі бойынша (анықтама қоса беріледі).

ОӘД директоры Р.Р.Мухамеджанованың хабарламасын тыңдап және талқылап, Ғылыми Кеңес қаулы етеді:

1. 2019/2020 оқу жылына арналған ПОҚ штаттық кестесі есепке алынсын. Кафедра меңгерушілері ПОҚ педагогикалық жүктемені бөлу және жоспарлау кезінде берілген штаттық кестені басшылыққа алынсын.

**Жауаптылар: АМД директоры Р.Мухамеджанова
Институттар директорлары
Кафедралар меңгерушілері**

2. Бөлімдердің кадрларын іріктеу кезінде бітіру дәрежесіне қойылатын біліктілік талаптарын ескеру - кемінде 50%; кадрлармен қамтамасыз ету - кемінде 80%.

**Жауаптылар: АМД директоры Р.Мухамеджанова
Институттар директорлары
Кафедралар меңгерушілері**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау АҚ проректоры С.В.Коньшинге жүктелсін.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: «2018/2019 оқу жылының жазғы емтихан сессиясы мен жазғы қосымша семестрдің қорытындысы және оқу жұмысын жетілдіру шаралары туралы» мәселесі бойынша ТО бастығы В.В. Неледваны (қызметтік жазбалар қоса беріледі).

ТО бастығы В.В. Неледваның хабарламасын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес жазғы емтихан сессиясын тапсыруға жіберілген 1,2 және 3-курстың 2966 студентінің 2455-і оқу жоспарының барлық пәндері бойынша емтихан тапсырғанын, университет бойынша орташа үлгерім, жазғы қосымша семестрді есепке алмағанда, 83% болғанын атайды.

Жазғы семестрге қатысқан студенттердің саны 303 адамды құрады, олардың ішінен 213-і, яғни 70%-ы емтихан тапсырды.

2019 жылы бакалавриаттың 12 мамандығы бойынша 861 студент, сырттай оқу бөлімі бойынша 51 студент дипломдық жобаларын қорғады. 92 түлек үздік диплом алды.

Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1. ТО бастығы В.В. Неледваның хабарламасы назарға алынсын.
2. Институт директорлары емтихан қорытындысына толық талдау жүргізіп және алдағы уақытта білім алушылардың сапа көрсеткіштерін жақсарту шараларын әзірлесін.

Жауаптылар – барлық институт директорлары.

Мерзімі: 15.10.2019 ж. дейін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшинге жүктелсін.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5. ӘРТҮРЛІ.

5.1. ТЫҢДАЛДЫ: «2019/2020 оқу жылына әр пән емтиханының және «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» бойынша мемлекеттік емтиханның формасын бекіту туралы» мәселе бойынша ЭЭЭТИ, ҒИТКИ, ЖЭЖТИ, БЖАТИ институттарының директорлары (көрсетілім қоса берілді)

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2019/2020 оқу жылына әр пән емтиханының және «Қазіргі заманғы қазақстан тарихы» бойынша мемлекеттік емтиханның формалары бекітілсін.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.2. ТЫҢДАЛДЫ: «2019/2020 оқу жылына АЭЖБУ тәрбие жұмысы жоспарын бекіту туралы» мәселе бойынша ТЖБ директоры З.А.Абдуллина (жоспар қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2019/2020 оқу жылына АЭЖБУ тәрбие жұмысы жоспары бекітілсін.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.3. ТЫҢДАЛДЫ: орыс тіліндегі «Многодвигательные электроприводы чесальных аппаратов с повышенной синхронизирующей способностью» ғылыми монографиясын жариялауға арналған ұсыныстар туралы» мәселесі бойынша ЭЖЭЖК кафедрасының меңгерушісі К.Т. Тергемес; авторлар – т.ғ.к., доцент К.Т.Тергемес, аға оқытушы А.О. Бердибеков; 5 б.б. көлемінде.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.4. ТЫҢДАЛДЫ: «Дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияларды» алу конкурсына қатысу үшін PhD философия докторы, АЭЖБУ профессоры Т.С.Қартбаевтың кандидатурасын ұсыну туралы» мәселесі бойынша БЖАТИ директорының орынбасары Ж.К. Алимсеитова (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияларды» алу конкурсына қатысу үшін PhD философия докторы, АЭЖБУ профессоры Т.С.Қартбаев ұсынылсын.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.5. ТЫҢДАЛДЫ: қазақ тіліндегі «Тәсілдемелік құбылыстарды ЖЭС-та жүзеге асыру» оқу құралын жариялауға арналған ұсыныстар туралы» мәселесі бойынша ЖЭЖТИ директоры Б.Т. Бахтияр; авторлар – т.ғ.к., АЭЖБУ доценті Б.Т.Бахтияр, аға оқытушы Г.Ә.Әкімбек; 5,9 б.б. көлемінде» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: қазақ тіліндегі «Тәсілдемелік құбылыстарды ЖЭС-та жүзеге асыру» оқу құралы жариялауға ұсынылсын; авторлар – т.ғ.к., АЭЖБУ доценті – Б.Т.Бахтияр, аға оқытушы Г.Ә.Әкімбек; 5,9 б.б. көлемінде».

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.6. ТЫҢДАЛДЫ: ағылшын тіліндегі «Development and research of a gas turbine combustion chamber with reduced formulation of toxic substances» ғылыми монографиясын жариялауға арналған ұсыныстар туралы» мәселесі бойынша ЖЭЖТИ директоры Б.Т. Бахтияр; авторлар - т.ғ.к., АЭЖБУ доценті – Б.Т.Бахтияр, PhD Д.Р.Умышев; 10 б.б. көлемінде» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ағылшын тіліндегі «Development and research of a gas turbine combustion chamber with reduced formulation of toxic substances» ғылыми монографиясы жариялауға ұсынылсын; авторлар - т.ғ.к., АЭЖБУ доценті – Б.Т. Бахтияр, PhD Д.Р.Умышев; 10 б.б. көлемінде.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.7. ТЫҢДАЛДЫ: қазақ тіліндегі «Айнек шығаратын заводтардың пешінде салқындатуға кеткен жылуды пайдалану» ғылыми монографиясын жариялауға арналған ұсыныстар туралы» мәселесі бойынша ЖЭЖТИ директоры Б.Т. Бахтияр; авторлар - т.ғ. к., АЭЖБУ доценті Бахтияр Б. Т., ЖЭҚ кафедрасының аға оқытушысы Әкімбек Г. Ә.; көлемі 9 б. б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: қазақ тіліндегі «Айнек шығаратын заводтардың пешінде салқындатуға кеткен жылуды пайдалану» ғылыми монографиясын жариялауға ұсынылсын; авторлар - т.ғ. к., АЭЖБУ доценті Бахтияр Б. Т., ЖЭҚ

кафедрасының аға оқытушысы Әкімбек Г. Ә.; көлемі 9 б. б.» (ұсыныс қоса берілді).

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.8. ТЫҢДАЛДЫ: ағылшын тіліндегі «Introduction to gas turbines» оқулық жариялауға арналған ұсыныстар туралы» мәселесі бойынша ЖЭЖТИ директоры Б.Т. Бахтияр; авторлар - Бахтияр Б.Т., Умышев Д.Р.; көлемі 13 п.л.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ағылшын тіліндегі «Introduction to gas turbines» оқулық жариялауға ұсынылсын; авторлар - Бахтияр Б.Т., Умышев Д.Р.; көлемі 13 б.б.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.9. ТЫҢДАЛДЫ: БЖжАТИ директоры Картбаев Т.С. «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыты бойынша бакалаврларға, магистрлерге және докторанттарға арналған орыс тіліндегі ««Основы криптографии: элементы теории чисел, групп, полей, колец» оқу құралын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, авторлары: Ахметов Б.С., Кузнецов А.А., Краснобаев В.А., Алимсеитова Ж.К., Кузнецова Т.Ю.; көлемі 20 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыты бойынша бакалаврларға, магистрлерге және докторанттарға арналған орыс тіліндегі «Основы криптографии: элементы теории чисел, групп, полей, колец» оқу құралын жариялауды ұсыну, авторлары: Ахметов Б.С., Кузнецов А.А., Краснобаев В.А., Алимсеитова Ж.К., Кузнецова Т.Ю.; көлемі 20 б.б.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.10. ТЫҢДАЛДЫ: БЖжАТИ директоры Картбаев Т.С. ««Компьютерлік жүйелердің архитектурасы» қазақ тіліндегі оқу құралын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, автор: Тынымбаев С.; көлемі 5,16 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Компьютерлік жүйелердің архитектурасы» оқу құралын жариялауды ұсыну, автор: Тынымбаев С.; көлемі 5,16 б.б.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.11. ТЫҢДАЛДЫ: БЖжАТИ директоры Картбаев Т.С. «Разработка интеллектуальной автоматизированной системы распознавания биометрических образов» орыс тілінде монографияны жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, автор: Алимсеитова Ж.К.; көлемі 6,13 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «Разработка интеллектуальной автоматизированной системы распознавания биометрических образов» орыс тілінде монографияны жариялауды ұсыну, автор: Алимсеитова Ж.К.; көлемі 6,13 б.б.

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.12. ТЫҢДАЛДЫ: БЖЖАТИ директоры Картбаев Т.С. «техникалық мамандықтардан бакалаврлар және магистрлерді дайындау үшін, сонымен қатар жасанды интеллект сұрақтарына қызығушылық білдіретін мамандар үшін ағылшын тілінде «Neural networks» оқу құралын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, авторлары: Ахметов Б.С., Горбаченко В.И., Досжанова А.А.; көлемі 22,6 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: техникалық мамандықтардан бакалаврлар және магистрлерді дайындау үшін, сонымен қатар жасанды интеллект сұрақтарына қызығушылық білдіретін мамандар үшін ағылшын тілінде «Neural networks» оқу құралын жариялауды ұсыну, авторлары: Ахметов Б.С., Горбаченко В.И., Досжанова А.А.; көлемі 22,6 б.б.».

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.13. ТЫҢДАЛДЫ: ҒИЖТКИ директоры Балбаев Г.К. «КТТ» және «ҒИ» бакалавриат және магистратура білім бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі «Robotics and mechatronics» оқу құралын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, автор: Балбаев Г.К.; көлемі 7,25 б.б.» (ұсынуы берілген(ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «КТТ» және «ҒИ» бакалавриат және магистратура білім бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі «Robotics and mechatronics» оқу құралын жариялауды ұсыну, автор: Балбаев Г.К.; көлемі 7,25 б.б.».

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.14. ТЫҢДАЛДЫ: ҒИЖТКИ директоры Балбаев Г.К. «КТТ» және «ҒИ» бакалавриат және магистратура білім бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі «Electronics and Electronic Measurements» оқулығын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, авторлар: Балбаев Г.К., Оразалиева С.К.; көлемі 15,6 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «КТТ» және «ҒИ» бакалавриат және магистратура білім бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі «Electronics and Electronic Measurements» оқулығын жариялауды ұсыну, авторлар: Балбаев Г.К., Оразалиева С.К.; көлемі 15,6 б.б.».

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.15. ТЫҢДАЛДЫ: ҒИЖТКИ директоры Балбаев Г.К. «КТТ» және «ҒИ» бакалавриат және магистратура білім бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі «Design of a Novel Planetary Gearbox» монографиясын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, автор: Балбаев Г.К.; көлемі 9,37 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ҒИЖТКИ директоры Балбаев Г.К. «КТТ» және «ҒИ» бакалавриат және магистратура білім бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі «Design of a Novel Planetary Gearbox» монографиясын жариялауды ұсыну, автор: Балбаев Г.К.; көлемі 9,37 б.б.».

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

5.16. ТЫҢДАЛДЫ: ҒИЖТКИ директоры Балбаев Г.К. «техникалық бағыт бойынша білім бағдарламалардың білім алушыларына арналған ағылшын тіліндегі «Computer architecture» оқу құралын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, авторлар: Ахметов Б.С., Лахно В.А. Маликова Ф.У.; көлемі 18,7 б.б.» (ұсыныс қоса берілді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ: техникалық бағыт бойынша білім бағдарламалардың білім алушыларына арналған ағылшын тіліндегі «Computer architecture» оқу құралын жариялауды ұсыну туралы» сұрағы бойынша, авторлар: Ахметов Б.С., Лахно В.А. Маликова Ф.У.; көлемі 18,7 б.б.»

ШЕШІМ бірауыздан қабылданды.

Төрайым

С. Сагинтаева

Ғылыми хатшы

А. Бегимбетова